



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365

№ 4 (95)

Нұр-Сұлтан
2021



Редакциялық алқа:

А. Мұхамедиұлы,	өнертану докторы, профессор (алқа төрағасы)
Асанканов А.А.,	тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Қырғызстан).
Әбдуақап Қара,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Түркия).
Бороффка Н.,	археология докторы, профессор (Германия).
Бейсенов А.З.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Ибадуллаева З.Ө.,	тарих ғылымдарының кандидаты, доцент (Қазақстан).
Ибраева А.Г.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі (Қазақстан).
Касеналин А.Е.,	PhD докторы (Қазақстан).
Купаева А.Қ.,	PhD докторы (Қазақстан).
Қартаева Т.Е.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Малдыбаева Р.К.,	өнертану кандидаты (Қазақстан).
Мұқтар Ә.Қ.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Нұразхан А.Ш.,	педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР Көркемөнер академиясының академигі (Қазақстан).
Оңғар А.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Самашев З.С.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Төлеубаев Ә.Т.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Смағұлов О.С.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы (Қазақстан).
Таймағамбетов Ж.Қ.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Үмітқалиев Ұ.Ұ.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Шамильоглу Ю.,	Висконсин университетінің профессоры (АҚШ).



МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Қазақстан Тәуелсіздігіне – 30 жыл

Ибраева Г., Хасенов С. Тәуелсіздік жолы және Ұлттық музей	4
Таймагамбетов Ж.К. Краткое содержание докладов автора на международных научных конференциях проекта ЮНЕСКО «Великие переселения народов» (2008-2019 гг).	14
Сыпатайқызы З. Тәуелсіздік жылдарындағы түркілік этномәдениеттердің жаңғыруы	28
Тоқпанов Е.А., Ботбаев А.К. Тарихи-мәдени және табиғи киелі орындардың еліміздің бірлігін сақтаудағы алатын орны	37

Мәдениеттану

Нұрдаулетова Б.И., Аймұхамбет Ж.Ә. Таңба-жазу – адамзат танымы мен тарихының құнды ақпараты	44
--	----

Этнография

С. Дж. Атдаев. Исторические данные о туркменской дыне и арбузе	56
Хасенов С.С. Қорғаныс жарағына жататын сауыт түрлеріне қатысты қалыптасқан атаулар	76
Бекзатқызы И. Ақмола облысы Бурабай ауданының топонимиясы: қалыптасуы және қазіргі жағдайы	88

Археология

Хуанган Т. Ат әбзелі: жүгеннің шығу тарихы	100
Әуезов Қ.Ж., Искаков А.Ш. Ұлытау – Жезқазған өңіріндегі Алтын Орда кезеңі ескерткіштерінің зерттелуі	107

Тарих. Тұлға. Тағылым

Асанов Қ.Д. Евней Букетовтің қаламгерлік қыры	115
--	-----

Филология

Байтанасова Қ.М. Абай өлеңдеріндегі мәтінаралық жүйе сипаты	122
Сағынадин Г.С. Фольклорлық сюжет: жанр және түркілік мотив көріністері	140

CONTENTS

Kazakhstan's independence – 30th anniversary

Ibraeva G., Khasenov S. The way of independence and the National museum	4
Taimagambetov Zh.K. Summary of the author's reports at international scientific conferences of the UNESCO Project «Great migrations of peoples» (2008-2019)	14
Sypataikyzy Z. Revival of turkic ethnoculture in the years of independence	28
Tokpanov E. A., Botbaev A. K. Role of historical, cultural and natural sacred places in preserving the unity of the peoples of our country	37

Cultural Studies

Nurdauletova B.I., Aimuhambet Zh.A. Symbol-letter – valuable information of human cognition and history	44
--	----

Ethnography

S. J. Atdaev. Historical information about turkmen melon and watermelon	56
Khasenov S.S. Formation of terms of armour types belonging to protective equipment	76
Bekzatkyzy I. Toponymy of Burabay district of Akmola region: formation and current state	88

Archaeology

Khuangan T. Horse harness: the history of the origin of the bridle	100
Auevov K.Zh., Iskakov A.Sh. RResearch of monuments of the Golden Horde period of Ulytau-Zhezkazgan region	107

History. Personality. Reading

Asanov K.D. The literary facets of Yevney Buketov	115
--	-----

Philology

Baytanasova K.M. The characteristic of the intertext system in the verses of Abay	122
Sagynadin G.S. Folklore plot: genre and turkic motifs	140

FTAMP 03.81.33

Бекзатқызы И.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі
«Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институты
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
e-mail: irinabekzatqyzy@gmail.com

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БУРАБАЙ АУДАНЫНЫҢ ТОПОНИМИЯСЫ: ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Мақала Ақмола облысы Бурабай ауданының тарихи топонимдеріне арналған. Мақалада аудан топонимиясын қалыптастырудағы аумақ ландшафтының рөлі, қазақ халқының ежелгі тарихымен, дәстүрлі шаруашылығымен және мәдениетімен байланысты этнотопонимдер, революцияға дейінгі және кеңестік кезеңдердегі қоныс аудару саясатының нәтижесінде пайда болған елді мекендердің атаулары, сондай-ақ бұрмаланған географиялық атауларды қалпына келтіру мәселелері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – ғылыми деректер негізінде идеологиялық тұрғыдан ескірген елді мекен атауларын қалпына келтіру болып табылады. Жүргізілген топонимикалық зерттеулер аудан аумағында әртүрлі этникалық топтардың қоныстануы нәтижесінде аймақ топонимдерінің өзгеріске ұшырауы туралы ауқымды ақпарат берді. Зерттеу нәтижесінде ауданның тарихи топонимдерін қалпына келтіру қажеттілігі анықталды. Бұл тақырыптың өзектілігін айқындайды. Мақаланы дайындау барысында архив деректері, сондай-ақ автордың зерттеліп отырған аумақта жүргізген далалық этнографиялық экспедицияларының материалдары пайдаланылды. Мақалада Бурабай ауданының кейбір елді мекендерінің тарихи атаулары ұсынылған. Ұсынылған мәліметтер архив құжаттары мен картографиялық материалдарға негізделген.

Түйін сөздер: топонимика, тарихи атаулар, идеологиялық топонимдер, ойконимдер, Ақмола облысы, Бурабай ауданы.

Кіріспе

Қазақ халқының мәдени мұрасының маңызды бөліктерінің бірі – ұлттық топонимдер. Топонимдер қазақ халқының төл тарихы, ана тілі мен сан ғасырлық материалдық және рухани мәдениетінің бай мұрасы сақталған ұлттың тарихи-мәдени коды болып табылады. Қазіргі таңда тәуелсіз Қазақстанның ұлттық идеологиясының негізгі белгілерінің

бірі ретінде тарихи атауларымызды қалпына келтіру мәселесі үлкен саяси-идеологиялық мәнге ие. Адрестік және ғылыми-ақпараттық қызметпен қоса, географиялық атаулар егемендікті бекітудің, мемлекеттің ұлттық басымдығының құралдарының бірі болып табылады. Тарихи атауларды зерттеу және қалпына келтіру жердің этникалық тиістілігін бекітуге және қазақ халқының тарихи-мәдени дәстүрлерін жандандыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан егемендік алғаннан бастап тәуелсіз топонимикалық саясат жүргізіп келеді. Осы уақыт аралығында географиялық нысандардың тарихи атауларын қалпына келтіру, топонимдердегі қателер мен бұрмалауларды анықтау және түзету бойынша ауқымды жұмыстар атқарылды. Соған қарамастан көптеген қалалар, елді мекендер мен географиялық нысандар зерттеу мен тарихи атауын қалпына келтіруді әлі де болса қажет етеді. Осындай маңызды шараны жүзеге асыруда географиялық атауларды тарихи деректерге сүйене отырып, қалпына келтіру зерттеудің негізгі мақсаты болып табылады. Бұл тарихи әділеттілікті қалпына келтіру процесі.

Зерттеудің әдістемесі

Зерттеудің әдіснамалық негізі тарихилық, деректанулық талдау және зерттеуге объективті көзқарас қағидаттарына негізделеді. Кең ауқымды архив дереккөздеріне негізделген тарихилық қағидаты зерттелетін тақырыптың мәнін ашуға мүмкіндік береді. Мақалада берілген мәліметтердің нақтылығына көз жеткізу үшін деректанулық әдісі қолданылды. Бұл нақты тарихи мәселені және тұтас тарихи процесті терең әрі тиімді зерттеуге көмектеседі. Сонымен қатар, зерттеу барысында тарихи-географиялық, тарихи-лингвистикалық және салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылды. Бұл топонимдердің қалыптасу тарихын, бастапқы мағынасы мен олардың өзгеріске ұшырау себептерін жете зерттеуге мүмкіндік берді.

Зерттеудің жаңалығы ретінде аудан аумағындағы кейбір елді мекендердің тарихи атауларын ұсынылады. Ұсынылған мәліметтер Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің (әрі қарай – ҚР ОМА) №317 (Переселенческое управление в Акмолинской области) және Омбы облыстық тарихи архивінің (әрі қарай – ООТА) №198 (Коллекция картографических документов за 1766-1917 годы) қорларының архив материалдарына негізделген. Аталған дереккөздер мақаланың мазмұны мен ғылыми жаңалығын ашуға мүмкіндік берді.

Бурабай өңірі зерттеушілердің назарын өзіне ерте кезден-ақ аударды. Бурабай аймағы туралы алғашқы мәліметтер 1827 жылы жазда Көкшетауға сапар шеккен Омбы облысының

басшысы С.Б. Броневскийдің жазбаларында кездеседі. XIX ғасырдың 60-70 жылдарында И. Завалишин, М. Красовский, И.Я. Слобцов өңірдің экономикалық, әлеуметтік және мәдени өмірі жайында жазбалар қалдырған. И.Я. Слобцов өзінің «Путевые заметки веденные во время поездки в Кокчетавский уезд Акмолинской области в 1878 году» атты еңбегінде аймақтың географиялық нысандарына сипаттама беріп, бірқатар географиялық атауларды картаға түсірді. Өлкетанушының бұл жазбалары 1878 жылы Ертіс өзенінің сол жағалауы мен Есіл өзенінің оң жағалауы арасындағы қазақ даласының солтүстік бөлігінде және Омбы мен Петропавл арасындағы саяхаты кезінде қағазға түскен (Слобцов, 1878).

Ақмола облысының топонимиясын зерттеудегі құнды дереккөз Ф. Щербина экспедициясының (1898–1909 жж.) статистикалық жинақтары болып табылады. «Материалы по киргизскому землепользованию собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей» атты 3 томдық жинақта Ақмола облысының Көкшетау, Атбасар және Ақмола уездеріндегі ауылдардың статистикалық мәліметтері, ақсақалдар есімі бойынша берілген қазақ қыстаулары мен қоныстарының атауы жинақталған. Сондай-ақ ауыл құрылған жыл мен жақын маңдағы өзен-көл атаулары да көрініс тапқан (Материалы, 1898; Материалы, 1902; Материалы, 1909).

Аймақ топонимдеріне тарихи-лингвистикалық талдау белгілі лингвист, филология ғылымдарының докторы О.А. Сұлтаньяевтың еңбектерінде көрініс тапты. Ғалымның еңбектері топонимдерді құрылымдық-грамматикалық ерекшеліктері бойынша талдауға арналған. Автор өз зерттеулерінде атаулардың этимологиясына көп көңіл бөліп, топонимдердің этимологиялық сөздігін құрастырды (Сұлтаньяев, 1971). Профессор А. Әбдірахманов пен О.А. Сұлтаньяевтың «Көкшетау өңірінің жер-су атаулары сөздігінде» Көкшетау өңірінің 2000-ға жуық жер-су атаулары қамтылған. Әсіресе ерте кезеңдерге тән ескі атаулардың шығу төркіні анықталған (Әбдірахманов, Сұлтаньяев, 2015).

Тілтанушы Т. Жанұзақ Қазақстан топонимиясын зерттей отырып, құрылымдық

типтері мен құрамын, топонимдердің этимологиясын қарастырады. Ғалымның редакторлығымен және Ө. Айтбаев, А. Әбдірахманов, Б. Әбілқасымовтардың қатысуымен жарық көрген «Орталық Қазақстанның жер-су аттары» атты еңбекте Орталық Қазақстан, Ақмола, Қостанай, Павлодар облыстарындағы жер-су аттарының пайда болуы, қалыптасу жағдайы, олардың лексикалық-семантикалық типологиясы, грамматикалық жасалу жолдары, лексикалық қабаттары жайлы толық мағлұмат берілді (Орталық Қазақстанның..., 1989). Т. Жанұзақтың басшылығымен ҚР БҒМ Тіл білімі институты авторларының бірлесуімен Қарағанды және Ақмола облыстары бойынша географиялық атаулардың сөздігі жасалды. Ақмола облысы каталогының 1-томында 5 мыңнан астам топонимдері мен түсініктемесімен бірге берілген жүздеген топоним құраушы халықтық терминдер бар (Каталог, 2002).

«Ақмола облысының географиялық нысандары номинациясының табиғи негіздері» тақырыбында 2004 жылы қорғалған А.У. Маканованың диссертациясы Ақмола облысының географиялық атауларының пайда болуы мен қолданылуының физика-географиялық негіздерін жүйелі топонимикалық талдауға арналған. Автор өз зерттеуінде Ақмола облысының географиялық нысандары атауларының ақпараттық деректер базасын құрып, оларға статистикалық талдау жүргізді. Бұл еңбек топонимиканың географиялық бағытын дамытуға елеулі үлес қосты (Маканова, 2004).

Өлке тарихы мен географиясын зерттеуге П.Л. Драверт, Е.Д. Шлыгин, Б.И. Кравцов, Н.Я. Криницын, А.П. Успенский, Е.В. Посохов, В.Д. Дудецкий, А.Д. Вадковская, В.Ф. Семенов, Д.М. Сухов, Н.А. Беклемишев, М.Ж. Жандаев, С.Н. Никитин, В. Михайлов, Жайық Бектұров, Жанайдар Мусин, Естай Мырзахметов, Айтқажы Қазбеков, Боргуль Андрей Иосифович, А. Тритечкин сынды өлкетанушы ғалымдардың қосқан үлесі зор.

Негізгі бөлім

Бурабай ауданы Ақмола облысының солтүстігінде, облыс орталығы Көкшетау қаласынан шығысқа қарай орналасқан. Солтүстігінде Солтүстік Қазақстан облысымен,

оңтүстік және оңтүстік-шығысында Бұланды ауданымен, шығысында Біржан сал ауданымен, батысында Зеренді ауданымен, оңтүстік-батысында Сандықтау ауданымен шектеседі.

Қайталанбас сұлу табиғатымен ерекшеленетін Бурабай өңірінің тарихы ежелден бастау алады. Тарихи деректерге сүйенсек, Бурабай өңірінің аумағын адамзат баласы палеолит дәуірінде игерген. Бұған аудан территориясында орналасқан палеонтологиялық ескерткіш – Ақтас мекенінен табылған тас пен сүйектен жасалған аздаған еңбек құралдары дәлел бола алады. Сондай-ақ, Андронов және қарасу мәдениеттеріне қатысты қорымдар мен тұрақтардың табылуы да бұл жерде қола дәуірінде малшылар мен егіншілердің өмір сүргенін дәлелдейді (Қазбеков, 2011: 5). 2020 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институтының археологиялық барлау жұмыстары нәтижесінде табылған ескерткіштер бұл аумақта халық барлық археологиялық дәуірлерде тығыз қоныстанғандығын және аумақтың белсенді түрде игерілгендігін көрсетті. Ауданның материалдық мәдениеті мен жер-су атаулары аудан тарихынан мол ақпарат беретін тарихи дереккөз болып табылады.

Аудан топонимиясында әртүрлі ландшафт ерекшеліктерін білдіретін атаулар, флора, фауна және көшпелі қазақ халқының өмір салтын бейнелейтін атаулармен қатар, түрлі тарихи оқиғаларға қатысты пайда болған топонимдер, сондай-ақ, жер иесінің аты да кездеседі. Бұл туралы лингвист А.М. Селищев «Қазақстанда топонимдердің қалыптасуының негізгі екі көзі болды, ол жер иесінің аты немесе ландшафт» – деп тұжырым жасаған болатын (Селищев, 1968: 69).

Бурабай ауданының жер бедері екі геоморфологиялық өңірде жатқандықтан әркелкі келеді. Солтүстік бөлігі құрғақ даланың жазықты-ұсақ шоқылы белдеміне кіреді. Оңтүстік, шығыс және батыс бөліктері ұсақ шоқылы үстірттің орманды-далалы жазығында жатыр. Орталық бөлігінде бай өсімдіктер жамылғысы, кей бөліктерінде қарағай мен қайыңның шоқ ормандары таралған. Ауданның орта тұсында оңтүстіктен солтүстікке қарай доғаша иіліп Көкшетау тауы жатыр. Көкшетау жотасы негізінен граниттерден және ішінара сиениттерден тұрады. XIX ғ. аяғы – XX ғ.

басындағы зерттеушілердің пікірінше, Бурабай табиғатының ерекшелігі граниттердің қатты қысыммен өте тереңде төгіліп, қатып қалуы нәтижесінде қалыптасқан. Ұзақ геологиялық кезеңдер бойы қатып қалған граниттер шөгінді жыныстардың астында бірнеше шақырымдық қалыңдықта көміліп жатты. Уақыт өте келе гранитті жауып тұрған қабық біртіндеп қирап, олар жер бетіне шықты. Граниттің азаюы салдарынан, түзілу кезінде одан тау жыныстарын белгілі бір көлемдегі және пішіндегі бөліктерге бөлген жарықшақтар пайда болды. Көбінесе олардың арасында плитка тәрізді және параллелепипед пішіндері кездеседі. Жел үрлеу нәтижесінде, соңғылары матрас тәрізді пішінге ие болды. Сондықтан Бурабайдағы көптеген шоқылар, құздар мен жартастар алып матрастар тәрізді болып көрінеді. Желдің үрлеуі және су мен мұздың әсерінің нәтижесінде жартастарда ойыстар, шұңқырлар, қуыстар пайда болды. Сондықтан Бурабай таулары мен жартастары ерекше көркем келбет пен соған сай атауларға ие болды: *Жеке батыр*, *Жұмбақтас*, *Бурабай*, *Аютас*, *Қабан*, *Үш ару жартасы*, *Тассырғанақ*, *Өгізтау* (*Сиырмас*), *Кебіс тау* (*Тас кебіс*) және т.б. Бұл ретте әрбір тау бөлігінің, жартастың, жартастас сынығының атауы белгілі бір аңыз-әңгімемен байланысты екенін ерекше атап өткен жөн. Олар адамдардың тұрмыс, өмір салты жағдайында олардың әсем, бейнелі, поэтикалық тілімен дүниеге келген.

Барлық адырдың ең биік нүктесі – Көкше шыңы солтүстік жотада орналасқан (Қазбеков, 2011: 28). Көкшетау аталуы географиялық ерекшелігіне, яғни жердің табиғатына, тау төңірегінің, оның баурайының алыстан көкшіл болып көрінетін, жасыл-желең қарағай түсіне байланысты болса керек. Егер Көкше шыңына мұқият қарайтын болсақ, ол көзге кеметас (пароход) тәрізді көрінуі мүмкін. Төменірек ені 25 м, ұзындығы 60 м болатын алқап жатыр. Бұл жер *Тассырғанақ* деп аталады. Тас сырғанақтың жаны тік және тегіс. Бұл жұмбақ белгі Көкше баурайында жартастың бір бөлігі найзағай әсерінен құлап, пайда болған-мыс. Таудың шыңында, тегіс алаңда аю мен жабайы қабанға өте ұқсас бір-біріне қиыса біткен екі гранитті үйінді тас бар. Мұнда жартастың шетіне отырып, айналасына көз тастап отырған аю мен оған азулы тұмсығын көтеріп тұрған жабайы қабан бейнеленген. Бұл жер «*Аютас жартасы*»

деп аталады. Жер бедері мен табиғатының осындай ерекшеліктері аймақ топонимдерінде айқын көрініс тапқан.

Орографиялық нысандар – бұл таулар, шоқылар, төбелер, сайлар, қыраттар және т.б. Оронимдердің құрамына жер бедерінің географиялық тау, төбе, тас, шоқы, адыр, жал, шұңқыр, өзек, қуыс, бас, жар, сай, шат терминдері кіреді (Ақшоқы, Тасқамал, Ұйтас, Ұлутас, Қарашоқы, Жарқайың). Ең жиі кездесетін термин – тау (Айыртау, Көкшетау, Бөлектау). Бұл термин қысқармай, атаулар құрамында тұтас сақталады. Тау аттарына жер бедерінің пішіні, биіктігі, оны құрайтын тау жыныстарының түсі, органикалық дүниесі, пайдалы қазбалары, климаттық көрсеткіштері анықтауыш сөздер ретінде терминге қосарланады. Бұл өлкедегі тау аттары (оронимдер) қойылу, пайда болуы және тілдік тегі жағынан аса құнды да бағалы материал болып табылады. Өйткені ол атаулардың ішінде көне замандар мен орта ғасырлық және қазіргі дәуірге тән сөздер, лексикалық топтар бар (Мурзаев, 1984: 256). Ауданның орографиялық жүйесі географиялық орналасуына (Ортақтөбе, Бөлектау), табиғи ерекшелігіне (Аютас жартасы, Ақшоқы жотасы, Айыртау), аумақ фаунасы (Бүркітті тауы, Үрпек, Қарабөрі төбесі, Бөдене тауы, Қоянды жартасы) мен флорасына (Ақдермене шатқалы, Шиелібет тауы, Жалғызқарағай аңғары, Сабанды шатқалы, Торышілік шатқалы), адам аттарына (Апақай тауы, Бірәлі төбесі, Сарының Ақшоқысы, Ақылбайасу) байланысты қалыптасқан.

Бурабай ауданы үлкенді-кішілі көлдерге өте бай. Оның ішінде үлкендері: Бурабай, Үлкен Шабакты, кіші Шабакты, Қарауңгір, Қатаркөл, Шортанды, т.б. Аудан жерімен Аршалы, Қайрақты, Кеңашы, Қылшақты өзендері, Жаңасай, Сарымсақты жылғалары ағып өтеді. Аудан гидронимдерінің де өзіндік қалыптасу ерекшеліктері бар. Гидронимдерде көл, құдық, бұлақ, сор, тұз, ащы, су терминдерінен жасалған атаулар көп кездеседі. Бұл терминдер арқылы жасалған атаулар су нысандарының табиғи-географиялық ерекшелігін, физикалық-химиялық қасиеттерін (Ащыкөл, Ащысор, Қарасу, Ақсор, Жамантұз, Жартысор, Кішкенесор, Мезгілсор, Тәтті, Тұзды, Үлкенсор) білдіреді. Су көздері көшпелілердің өмірінде үлкен рөл атқарды, себебі олар көшіп-қону кезінде, тұрақ орындарын таңдауда

бағдар болды. Олардың көпшілігі кейіннен сол жерде пайда болған елді мекендердің атауларына айналды. Топонимикада алдымен су нысандарының (гидронимдердің) атаулары пайда болып, содан кейін барып қалған топонимдердің пайда болуы заңды құбылыс. Ауданның гидрографиялық жүйесі өзен-көлдің орналасқан жерінің ландшафынан ақпарат беретін орографиялық терминдер арқылы (Шалқар, Тасшалқар, Таулы, Құмдықөл), су нысанының пішіні, көлемі, тереңдігіне (Дөңгелеккөл, Ұзынкөл), судың жеке қасиеттеріне, яғни ащы-тұщылығы, түр-түсі, тазалығына (Жалтыркөл, Сарыбұлақ, Қарабұлақ, Көгілдір шығанақ, Алакөл, Майкөл, Таза), сондай-ақ, аумақтың фаунасы (Теке көлі, Шортанкөл, Үлкен Шабақты, Кіші Шабақты, Балықты, Үйректі, Қояндыкөл, Шыбындыкөл, Аққу қонған, Майбалық, Сүліктікөл) мен флорасына (Қарағайлы, Аршалы, Мүкті, Сарымсақты жылғасы, Қарашілік бұлағы), кісі аттарына (Шәкі көлі, Зибакөл, Сымтас бұлақ, Қалыбек бұлағы, Тәжіғұл бұлағы, Қошубай шалқар, Жүкей, Имай, Оразсор) байланысты қалыптасқан. Аумақта ішінара метафоралық (Күміскөл, Айнакөл, Сұлукөл) атаулар да кездеседі.

Қазақ халқының материалдық және рухани мәдениеті жергілікті атауларға әсер етпеуі мүмкін емес. Қазақтардың ғасырлар бойғы дәстүрлі мал шаруашылығын жүргізу ұғымы халықтың көшіп-қонуы, маусымдық қоныстар мен жайылымдарды пайдалану ерекшеліктерін қамтиды. Топонимдер номинациясынан көшпелі мал шаруашылығына қатысты халықтың түрлі тұрмыстық, қоғамдық көзқарастары, қоршаған ортаны мал шаруашылығына пайдаланудағы тәжірибелік, танымдық пайымдаулары, төрт түлік түрлеріне қатысты наным-сенімдері орын алып отырған. Шаруашылықпен шұғылдануға байланысты жайлау, қыстау, қоныс, қора, құдық, қотан, суат терминдері топонимдерде жиі қолданылған (Сапаров, 2007: 89). Бурабай ауданының топонимдерінде де төрт түлік мал атауларымен, егіншілікпен байланысты әрекеттері бейнеленіп, нақты көрініс тапқан. Бұл топтың жер-су атаулары белгілі бір әрекеттер мен оқиғаларды көрсетеді: Қойсоғым қыраты, Сыырсойған орманы, Бұзауқорық қонысы, Нарөлген көлі, Айғыржал тауы, Қоңырбұқа шатқалы, Тоқтықұдық

шатқалы, Егінтомар, Қымызынай, Қыстаукөл, Шайтомар, т.б.

Жергілікті атаулардың бірқатар бөлігі ретінде этнонимдер (ел, халық, ұлт атаулары), антропонимдер мен генонимдерді (ру-тайпа аттары) атауға болады. Ежелгі көшпелілер санатындағы халықтардың бәрінде де жайлаулар мен қыстаулар белгілі рулар, оның ішінде рубасылар иелігінде болған. Сол себепті де ру-тайпалар мен кісі аттары географиялық нысандардың атауларымен тығыз байланысты (Қазақ көлі, Қырғыз шатқалы, Керейт ауылы, Естек ауылы, Қырық үй Төлек ауылы, Әйтімбет, Сейтен ауылы, Тоқсанбай тауы, Әжібай тауы, Мұжықай қонысы, т.б.).

Бурабай ауданының тарихы мен тарихи топонимдері XVIII ғасырдағы аса ірі саяси қайраткер, әскери қолбасшы Абылай ханның есімімен тығыз байланысты. Бұл өлке үш жүздің басын қосып, 40 жыл хандық құрған Абылайдың Хан ордасы болған. Сол себепті Көкше өңірінде Абылай ханның есімімен байланысты «Ханның қызыл ағашы», «Хан көлі», «Абылай хан алаңы», «Абылай хан тағы», «Төренің қызылағашы», «Абылай алқымы» секілді топонимдер кездеседі. Осы жерде туып-өскен Абылай ұрпақтарының есімдерімен байланысты Кенесары үңгірі, Кенесары ауылы, Наурызбай батыр ауылы топонимдерімен қатар, Ақылбай ауылы, Ақылбайасу, Оразбұлақ секілді жер-су атаулары бар. Ақылбайасу асуы сыртынан қарағанда шашылып жатқан тас үйінділеріне ұқсайды, олардың әрқайсысының диаметрі 5–6 метрге жетеді. Аңыз бойынша ертеде бұл асу арқылы сауда жолы өткен, саудагерлерді адасып кетпес үшін және қарақшылардың қолына түсіп қалмас үшін Ақылбай есімді беделді, бай кісі осы асу арқылы өткізетін болған. Ел арасында Ақылбай Абылай ханды жорықтан салтанатпен қарсы алып, оған ат сыйға беріпті деген де аңыз бар (Эксп. материалдары, 2017). Абылайдың жастық шағы туралы мынадай аңыз сақталған: «әкесі қайтыс болғаннан кейін оны Ораз атты құл құтқарып қалады, ол кезде 13 жаста болған Абылай біраз уақыт Дәулет деген байдың үйінде қарапайым жалшы болып жұмыс істейді, содан кейін туысы Әбілмәмбет бидің қолында тұрады. Қарабауырдан Бурабайға қарай жүргенде жақын жерде Оразбұлақ атты бұлақ кездеседі. Осы жерде Ораздың қыстауы болған деседі. Ертеден бұл тарихи орын Абылай ханды



құлдықтан босатқан «Ораз құлдың бұлағы» деп аталады (Абуев, 2018: 264).

Дәл осы жерде 1740 жылы Орта жүз руларының солтүстік көршіміз Ресейге қосылуы туралы шешімі қабылданды. Көкшетау аймағының тарихы ресми әдебиеттерде Сарыарқа арқылы Омбыдан Орынборға дейін бекіністер, станицалар мен қоныстар салына бастаған уақыттан белгілі (Таңғажайып өлке., 2009: 9). Бұл тарихи оқиға өңірдің топонимикасына айтарлықтай әсер етті.

1822–1867 жылдар аралығында хандық билік жойылып, аға сұлтандық ел билеу жүйесі енген соң, қазақ жерін отаршылдық принцип негізінде көптеген әкімшілік территорияларға жіктеді. Бұл тұста да жер атауларын өзгерту әрекеті жиілей түсті. 1868 жылғы «Жаңа низам» ережесі мен 1917 жыл аралығында отарланған қазақ жері мемлекет меншігі ретінде ресми түрде жарияланған соң, отаршылдық мазмұндағы географиялық жер атаулары мүлде көбейе түсті (Мырзахметов, 1993: 74). Орыс атауларының қазақ жерінде өрістей түсуіне 1861 жылғы шаруаларды басыбайлы құлдықтан босатқан патшалық Ресейдің аграрлық саясаты да әсер етті. Яғни Ресейдің орталық аудандарындағы шаруалар толқуын төңкерістен алшақ ұстау үшін крестьяндарды Сібірге (оның ішінде солтүстік Қазақстанға) қоныстандыруды жоспарлы түрде жүзеге асыра бастады (Жартыбаев, 2008: 87).

Орыс тіліндегі географиялық атаулардың Бурабай өңірінде пайда бола бастауы XVIII ғ. І жартысынан басталып, XIX ғ. аяғына дейін орыс шаруаларының қазақ жеріне қоныс аударып, тұрақтауымен тікелей байланысты болды. XIX ғ. ортасында Көкшетау тауларының төңірегінде алғашқы орыс қоныстары – казак станицалары мен олардың жаңа ауылдары пайда болды (Қотыркөл станицасы және одан бөлініп шыққан жеке елді мекен, қазіргі Щучинск қаласы). Біраз кейінірек, 1870 жылы Бурабай патшалық ортасында Бурабай станицасы пайда болды, кейін ол Бурабай кенті деп аталды (Қазбеков, 2011: 6). Бұл кезеңдерде қазақ жерін тұтастай отарлаған патшалық Ресей тарапынан мыңдаған елді мекен аттары орыс сөздерінен, не орыс есімдерінен қойылып отырды (Николаевка, Новоандреевка, Веденовка, Федосеевка, Успенское, Дмитриевка, Савинка, Сотниковка, Брусиловка). Бұл үрдіс

Кеңестік дәуірде де кеңінен етек алып, әсіресе 1954 жылы тың және тыңайған жерлерді игеру саясатына байланысты Ресей жерінен көшіп келген миллиондаған өзге ұлт өкілдері өздері қоныстанған жерлерге жаңадан ат берді немесе өздері көшіп келген елді мекендер мен қалалардың аттарымен атай бастады. Аймақта салына бастаған жаңа қалалар, кеңшар, поселке, елді мекендерге кеңес өмірін, халықтардың достығын білдіретін географиялық атаулар қойды. Әсіресе өнеркәсіпті аудандарда, кен, зауыт, фабрика, ірі құрылыстар бар жерлерде орыс топонимдері көптеп қойыла бастады. Бұл орыс атаулары географиялық нысандарда әлі күнге дейін сақталған.

Топонимияның басқа түріне қарағанда жиі өзгеріске ұшырайтын тобы – ойконимдер. Бурабай ауданында кездесетін орыс тіліндегі географиялық атаулардың да көпшілігі елді мекен аттары, яғни ойконимдер болып келеді. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін ауданның елді мекен атауларында көптеген жаңа идеологиялық атаулар пайда болды. Жаңа атаулар жаңа өмірдің көріністерін бейнелейтін кеңес, бостандық, партия, пролетариат, социалистік құрылыс, индустрия, техника, саясат сияқты ұғымдармен байланысты болып келеді (Первомайский, Октябрьское, Прогресс, Жаңажол, т.б.) (Жартыбаев, 2008: 206). Отарлау саясатына сәйкес кейбір жер-су атауларының калькалау тәсілі арқылы қойыла бастауы да осы кезеңнен байқалады: Қаражар – Черноярка, т.б. (Жартыбаев, 2008: 91). Кейбір атаулардың сол жерде көп кездесетін өсімдік немесе жануар атауларына байланысты аталғанын байқауға болады: Зеленый бор, Вишневое, Лесной хутор, Щучье, Сосновка, т.б.

ООТА 1766-1917 жылдардағы картографиялық құжаттар топтамасында сақталған Ақмола облысының XIX ғ. соңы – XX ғ. бас кезіндегі қоныс аудару карталары аймақ топонимиясының өзгеріске ұшырауы барысынан ауқымды ақпарат берді. Мәселен, Зеренді және Қотыркөл болыстарының картасы мен Көкшетау уезінің топырақ картасының мәліметтеріне сәйкес, 1895 жылы Қояндыкөл қонысының жанына Ковалевский, 1898 жылы Арықбалық маңына Успенско-Юрьевский, Тассуат жеріне жақын жерде Новокиевский, Тоқтамыс қонысының қасында Ергольский, сондай-ақ Аймырза және Жанпейіс қоныстарының ортасындағы Ұрынкай

ауылының жанына Дмитриевский деген атаумен қоныс аудару учаскелері құрылған. Бұл деректер қазіргі Бурабай ауданына қарасты Успенюрьевка елді мекенінің байырғы аты Арықбалық, Дмитриевка ауылының бастапқы атауы Ұрынқай (Жанпейіс) болғандығын білдіреді (ООМТА, I. 106; ООМТА, I. 111а.).

Жоғарыда келтірілген картографиялық деректерді ҚР ОМА алынған жазба деректер де растайды. «1915 жылғы Көкшетау, Омбы, Атбасар және басқа да уездердің қоныс аудару учаскелерінде қонысқа орналастыру және есепке алу барысы туралы тізімдемелер» (Сур. 1) құжатында қоныс аударушылар рұқсат алған жердің атауы мен ауыл тұрғындарының шешіміне сәйкес аталған елді мекен атаулары ұсынылған. Осылайша, Ақмола облысында жаппай қоныс аудару учаскелерінің пайда болуы нәтижесінде Бурабай ауданындағы Шыбындыкөл жері Райгородок болып қайта аталған (ҚР ОМА, I. 58).

1915 жылғы Ақмола облысы Көкшетау уезінің 3-ші шаруа учаскесінің (кіші ауданының) қоныс аудару учаскелерінде қонысқа орналастыру және есепке алу барысы туралы тізімдеме (Сур. 2) деректері бойынша Бурабай ауданындағы Успенюрьевка ауылы Арықбалық, Новоандреевка – Кеңашы, Златополье – Құмдыкөл деп аталған (ҚР ОМА, I. 58а). Сондай-ақ, Көкшетау уезінің Дмитриев болыстық басқармасының (660-қор) тіркеу құжатында көрсетілген деректер қазіргі Бурабай ауданына қарасты Златополье ауылының тарихи атауы Құмдыкөл болғандығын көрсетеді (Сур. 3). 1908 жылғы әртүрлі губерниялардан көшіп келгендерді тіркеу құжатында ауыл аты Құмдыкөл деп

тіркелген. Ал 1909 жылы дәл осы құжатта ауыл аты Златополье болып өзгерген (ҚР ОМА, I.2).

Осылайша, архив деректері негізінде Бурабай ауданы елді мекендерінің байырғы атаулары анықталды. Олардың кейбіреулері тарихи атауларымен қайта аталса, көпшілігі жаңа атауларға ие болған. Төмендегі кестеде аудан елді мекендерінің қазіргі атаулары мен олардың тарихи дереккөздердегі атаулары берілген (Кесте 1).

Қорытынды

Ақмола облысының топонимиясы қоғам дамуы процесінде түрлі сыртқы факторлардың әсерінен өзгерістерге ұшырады. Аймақ топонимдерінің өзгеріске ұшырауына қазақтардың Ресей империясының құрамына қосылуынан бастап, тың және тыңайған жерлерді игеру саясатына дейінгі түрлі саяси-тарихи оқиғалар әсер етті. Сол себепті облыс топонимдерінің біраз бөлігін славян текті атаулар құрайды. Орыс тіліндегі атаулар көбінесе ойконимдерде, яғни елді мекен атауларында кездеседі. Топонимдер елді мекендерді қайта атау, жаңа қонысқа жаңадан ат қою, тілдік ерекшеліктерге байланысты бұрмалану арқылы трансформацияға ұшыраған.

Зерттеу нәтижесінде архив деректеріне негізделген облыстың кейбір ойконимдерінің тарихи атаулары ұсынылды. Қазақ топонимиясының өзіндік келбетін көрсетуде жергілікті жердің табиғи ерекшеліктері мен қазақ халқына ғана тән ұлттық ерекшеліктер негізінде қалыптасқан тарихи атауларымызды қалпына келтіру аса маңызды міндет.

Вѣдо

о ходѣ водворенія и зачисленія на переселенческихъ участкахъ

За *Дарьинск*

Судный районъ, волость, селеніе, участокъ			Водвореніе											
№ участка по картѣ	Названіе селеній, согласно приговорамъ сельскихъ обществъ	Названіе участковъ, подъ которыми они получили утвержденіе	Средн. Душн. н. л.	Состояло водворенія въ началу отчетнаго мѣсяца			Водворено			Покую на участкахъ				
				Средн. Душн. н. л.	Средн. Душн. н. л.	Средн. Душн. н. л.	Средн. Душн. н. л.	Средн. Душн. н. л.	Средн. Душн. н. л.					
217	Лыбордовское	Павловскій	78	88	94	94								
177	Райгородское	Шабанъ Кузь	278	87	89	89								
26	Дальнее	Давыдъ	79	8	39	39								
212	Нѣмецкое	Нѣмецкій	172	65	108	108								
113	Карамышевское	Шабера-Агачъ	190	82	106	106								
178	Новый хуторъ	Давыдъ Кочагай	89	37	84	84								
112	Горбенское	Кара-Коба	350	48	329	329								
265	Зубовка	Жуковский	71	16	85	85								
254	—	Сперанско-Русинскій	201	11	81	81								
252	—	Обломовскій	113	4	81	81								
260	<i>Азовское</i>	Азовскій	153	20	139	139								
262	Овражное	Овражскій	80	15	72	72								
893	—	Чилинцевскій № 1	99	11	77	77								
394	—	Чилинцевскій № 2	85	7	31	31								
389	—	Амбаревскій	57	5	16	16								
391	—	Соболевскій	91	16	65	65								
390	—	Балабанскій	103	17	78	78								
<i>Итого</i>				570	107	658	658	5	14	14	3	10		

77 районъ

Дарьинск

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

107

Сур. 1. 1915 жылғы Көкшетау, Омбы, Атбасар және басқа да уездердің қоныс аудару учаскелеріне орналастыру және есепке алу барысы туралы ведомость.

Fig. 1. Report on the progress of placement and registration in the resettlement areas of Kokshetau, Omsk, Atbasar and other districts in 1915.

Вѣдо

о ходѣ водворенія и зачисленія на переселенческихъ участкахъ

За 1-й периодъ

Судный районъ, волость, селеніе, участокъ			Водвореніе												
№ участка по картѣ	Названіе селеній, согласно приговорамъ сельскихъ обществъ	Названіе участковъ, подъ которыми они получили утвержденіе	Общая численность домох. владѣнцевъ	Состояло водворенныхъ въ началу отчетнаго мѣсяца			За отчетный мѣсяцъ								
				Средн.	Душн.	н. л.	Водворено			Покую на участкахъ					
							Средн.	Душн.	н. л.	Средн.	Душн.	н. л.			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12				
Участки поселеннаго пользованія.															
VI, районъ (безъ есудъ).															
Павловско Подгородняя волость.															
19	Павловское	Чаганка	627	227	626	626	—	—	—	—	—	—			
28	Заборское	Заборовскій	222	69	218	218	—	—	—	—	—	—			
27	Троицкое	Лобановскій бродъ	400	152	397	396	1	2	2	—	—	—			
39	Подгорное	Терсуктакъ	210	61	153	153	—	—	—	—	—	—			
18	Евлинское	Басурманъ-Камыс	626	172	523	523	—	—	—	—	—	—			
42	Сорофимовское	Кашкарбай	539	139	529	529	—	—	—	—	—	—			
169	Ермавовское	Чаганка	427	133	420	420	2	5	5	—	—	—			
168	Н.-Ефремовское	Кучинскій	557	139	544	544	1	2	2	1	1	1			
Итого:			3608	1244	3440	3473	4	9	8	1	1	1			
Дмитриевская волость.															
32	Дмитриевское	Урун-ай	511	138	501	501	1	1	1	—	—	—			
56	Усильно-Юрьевское	Армыч-Балыкъ	398	144	395	395	—	—	—	—	—	—			
103	Ново-Андреевское	Кень Аши	292	92	241	241	—	—	—	—	—	—			
82	Червоорское	Каралыръ	408	210	608	608	—	—	—	—	—	—			
20	Ковалевское	Кузнецъ	297	92	272	272	—	—	—	—	—	—			
102	Златопольское	Кумды-Кузь	307	117	303	303	1	4	4	—	—	—			
171	Н. Медвѣдковское	Балонъ	197	67	197	197	—	—	—	—	—	—			
144	Сотниковское	Панъ-пый	215	82	201	206	—	—	—	—	—	—			

Сур. 2. Ақмола облысы, Көкшетау уезінің 3-ші шаруа учаскесінің (шағын ауданының) қоныс аудару учаскелерінде 1915 жылға қамау және есепке алу барысы туралы ведомость.

Fig. 2. Sheet on the course of arrest and registration for 1915 in the resettlement areas of the 3rd peasant plot (microdistrict) of Kokshetau district, Akmolra region.



Сур. 3. Көкшетау уезінің Дмитриев болыстық басқармасы.

Fig. 3. Dmitrievsky regional management of the Kokshetau district.

№	Елді-мекендердің қазіргі атаулары	Тарихи деректердегі атаулар	Дереккөз
Бурабай ауданы			
1	Райгородок	Шыбындыкөл	ҚРОМА. Қ. 317. Т. 1. I. 58.
2	Дмитриевка	Жанпейіс (Ұрынқай)	1) ҚРОМА. Қ. 317. Т. 1. I. 58a. 2) ООМТА. Қ. 198. Т. 1. I. 111a. Көкшетау уездінің топырақ картасы; 3) Материалы по переселенческому хозяйству. Акмолинская область. Том III.
3	Успенююрьевка	Арықбалық	1) ҚРОМА. Қ. 317. Т. 1. I. 58a. 2) ООМТА. Қ. 198. Т. 1. I. 111a. Көкшетау уездінің топырақ картасы;
4	Новоандреевка	Кеңащы	1) ҚРОМА. Қ. 317. Т. 1. I. 58a.
5	Златополье	Құмдыкөл	1) ҚРОМА. Қ. 317. Т. 1. I. 58a. 2) ҚРОМА. Қ. 660. Т. 1. I. 2 Көкшетау уездінің Дмитриев болыстық басқармасының тіркеу құжаты.

Кесте 1. Аудан елді мекендерінің қазіргі атаулары мен олардың тарихи дереккөздердегі атаулары.

Table 1. Modern names of settlements of the district and their names in historical sources.

Әдебиеттер

1. Әбдірахманов А., Сұлтаньяев О.А. Көкшетау өңірінің жер-су атаулары сөздігі. – Көкшетау. 2015. 157 б.
2. Абуев К.К. Деятели истории и культуры Акмолинской области: Библиографические очерки. – Кокшетау: РИК «Өрекет». 2018. 328 с.
3. Бекзатқызы И. Бурабай ауданында жүргізілген этнографиялық экспедиция материалдары. Есеп. – Астана: ҚР Ұлттық музейі «Халық қазынасы» ҒЗИ архиві. 2017.
4. Жартыбаев. А.Е. Орталық Қазақстан аймақтық топонимиясы. – Қарағанды: Болашақ-Баспа. 2008. 379 б.
5. Каталог географических названий Казахстана. Т.1. Акмолинская область. – Алматы. 2002. 204 с.
6. Қазбеков А. Бурабай. Оқжетпес. Әуликөл. – Көкшетау, 2011. 277 б.
7. ҚР ОМА Қ.317. Т.1. I.58а. Ведомости о ходе водворения и зачисления на переселенческих участках 3-го крестьянского участка (подрайона) Кокчетавского уезда, Акмолинской области за 1915 год.
8. КРОМА, Қ.317. Т.1. I.58. Ведомости о ходе водворения и зачисления на переселенческих участках Кокчетавского, Омского, Атбасарского и других уездах за 1915 год.
9. ҚР ОМА. Қ.660. Т.1. I.2. Дмитриевское волостное правление Кокчетавского уезда.
10. Маканова А.У. Природные основы номинации географических объектов Акмолинской области. Автореф. канд. дисс. – Алматы. 2004. 30 с.
11. Материалы по киргизскому землепользованию собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Акмолинская область. Кокчетавский уезд. I том. – Воронеж. 1898.
12. Материалы по киргизскому землепользованию собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Акмолинская область. Атбасарский уезд. II том. – Воронеж. 1902.
13. Материалы по киргизскому землепользованию собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Акмолинская область. Акмолинский уезд. III том. – Чернигов. 1909.
14. Мурзаев Э.М. «Словарь народных географических терминов». – Москва: «Мысль», 1984. 653 с.
15. Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. – Алматы, 1993. 128 б.
16. ООТА. Қ. 198. Т. 1. I. 106. Карта земель Зерендинской и Котуркульской волости Кокчетавского уезда. 1900 г.
17. ООТА. Қ. 198. Т.1. I.111 а. Карта Кокчетавского уезда Акмолинской области с указанием границ солонцовых, черноземных, болотистых, карбонатных, слабо-солонцовых почв и водоносных слоев.
18. Орталық Қазақстанның жер-су аттары. Ред. Т. Жанұзақ. – Алматы: Ғылым. 1989. 256 б.
19. Сапаров Қ.Т. Павлодар облысының топонимикалық кеңістігі. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. 308 б.
20. Селищев. А.М. Из старой и новой топонимии. Избранные труды. – М., 1968. 69 с.
21. Слобцов И.Я. Путевые заметки, веденные во время поездки в Кокчетавский уезд Акмолинской области в 1878 году. 1878. 199 с.
22. Сұлтаньяев О.А. Принципы номинации в казахской топонимике Кокчетавской области // Ученые записки УрГУ. Серия филологическая. №114. Вып. 18. – Москва. 1971. С. 62-72.
23. Таңғажайып өлке – Бурабай /Ред. Б.Аяған/ «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС. – Алматы, 2009. 323 б.

References

1. Abdirahmanov A., Sultanaev O.A. Kokshetau onirinin jer-su ataulary sozdigi [Geographical dictionary of the Kokshetau region]. – Kokshetau. 2015. 157 b.
2. Abyev K.K. Deiateli istorii i kultury Akmolinskoi oblasti: Bibliograficheskie ocherki. [Figures of history and culture of Akmola region: Bibliographic essays]. – Kokshetau: RIK «Areket». 2018. 328 s.
3. Bekzatqyzy I. Burabai audanynda jurgizilgen etnografialyq ekspedisia materialdary [Materials of an ethnographic expedition conducted in the Burabay district]. Report. – Astana: QR Ul'ttyq myzei «Halyq qazynasy» GZI arhivi. 2017.
4. Jartybaev. A.E. Ortalyq Qazaqstan aimaqtyq toponimiasy [Regional toponymy of Central Kazakhstan]. – Qaragandy: Bolashaq-Baspa. 2008. 379 b.

5. Каталог географических названий Казахстана [Catalog of geographical names of Kazakhstan]. Т.1. Ақмолинская область. – Алматы. 2002. 204 с.
6. Kazbekov A. Burabai. Okjetpes. Auliekol. [Burabai. Okjetpes. Auliekol] – Kokshetau, 2011. 277 b.
7. KR OMA. [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. K.317. Т.1. I.58a. Vedomosti o hode vodvorenia i zachislenia na pereselencheskih uchastkah 3-go krestianskogo uchastka (podraiona) Kokchetavskogo uezda, Akmolinskoi oblasti za 1915 god [Statements on the course of settlement and enrollment in the resettlement areas of the 3rd peasant section (subdistrict) Kokchetav district, Akmola region in 1915].
8. KR OMA. [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. K.317. Т.1. I.58. Vedomosti o hode vodvorenia i zachislenia na pereselencheskih uchastkah Kokchetauskogo, Omskogo, Atbasarskogo i drugih uezdah za 1915 god [Statements on the course of settlement and enrollment in the resettlement areas of Kokchetav, Omsk, Atbasar and other counties for 1915].
9. KR OMA. [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. K.660. Т.1. I.2. Dmitrievskoe volostnoe pravlenie Kokchetauskogo uezda [Dmitriev volost governance of Kokshetau district].
10. Makanova A.U. Prirodnye osnovy nominatsii geograficheskikh obektov Akmolinskoi oblasti [Natural foundations of nomination of geographical objects in Akmola region]. Ph.D. thesis. Almaty. 2004. 30 p.
11. Materialy po kirgizskomu zemlepolzovaniy sobrannye i razrabotannye ekspeditsiei po issledovaniy stepnykh oblastei [Materials on Kirghiz (Kazakhs) land use, collected and developed by the expedition for the study of the steppe regions]. Akmolinskaya oblast. Kokchetavskiy yez. I tom. – Voronej. 1898.
12. Materialy po kirgizskomu zemlepolzovaniy sobrannye i razrabotannye ekspeditsiei po issledovaniy stepnykh oblastei [Materials on Kirghiz (Kazakhs) land use, collected and developed by the expedition for the study of the steppe regions]. Akmolinskaya oblast. Atbasarskiy yez. II tom. – Voronej. 1902.
13. Materialy po kirgizskomu zemlepolzovaniy sobrannye i razrabotannye ekspeditsiei po issledovaniy stepnykh oblastei [Materials on Kirghiz (Kazakhs) land use, collected and developed by the expedition for the study of the steppe regions]. Akmolinskaya oblast. Akmolinskiy yez. III tom. – Chernigov. 1909.
14. Murzaev E.M. Slovar narodnykh geograficheskikh terminov. [Dictionary of Folk Geographical Terms]. – Moskva: «Mysl», 1984. 653 s.
15. Myrzahmetov M. Qazaq qalal orystandyryldy. [How Kazakh was Russified]. – Almaty, 1993. 128 b.
16. OOTA. [Historical Archive of the Omsk region]. K.198. Т.1. I.106. Karta zemel Zerendinskoi i Koturkulskoi volosti Kokchetavskogo uezda. 1900 g [Map of the lands of Zerenda and Koturkul district of Kokchetav county] 1900 y.
17. OOTA. [Historical Archive of the Omsk region]. K.198. Т.1. I.111 a. Karta Kokchetavskogo ueza Akmolinskoi oblasti s ukazaniem granis solonsovykh, chernozemnykh, bolotistyykh, karbonatnykh, slabo-solonsovykh pochv i vodonosnykh sloev [Map of Kokchetav county of Akmola region showing the borders of saline, black earth, swampy, carbonate, weak-saline soils and aquifers].
18. Ortalyq Qazaqstannyn jer-su attary [Geographical names of Central Kazakhstan]. Red. T. Januzaq. – Almaty: Gylm. 1989. 256 b.
19. Saparov K.T. Pavlodar oblysynyn toponimikalyk kenistigi [Toponymy of the Pavlodar region]. – Pavlodar. 2007. 308 b.
20. Selishev. A.M. Iz staroi i novoi toponimii. Izbrannye trýdy [From the old and new toponymy. Selected works]. – M. 1968. 69 s.
21. Slovtsov I.Ia. Pytevye zametki, vedennye vo vremya poezdki v Kokchetavskiy yez Akmolinskoi oblasti v 1878 godu [Travel notes taken during a trip to the Kokshetau district of Akmola region in 1878]. 1878. 199 s.
22. Sultanaev O.L. Printsipy nominatsii v kazahskoi toponimike Kokchetavskoi oblasti [Principles of nomination in the Kazakh toponymy of the Kokchetav region] // Ychenye zapiski Yrgu. Seria filologicheskaya. №114. Vyp.18. – Moskva. 1971. S. 62-72.
23. Tangajaiyp olke – Burabai. [Burabai – wondrous land]. Editor B. Ayagan. Almaty: Kazak ensiklopediasy. 2009. 323 p.



Бекзатқызы И.

Научно-исследовательский институт «Халық қазынасы» Национального музея РК
г. Нур-Султан, Казахстан
e-mail: irinabekzatqyzy@gmail.com

**ТОПОНИМИЯ БУРАБАЙСКОГО
РАЙОНА АКМОЛИНСКОЙ
ОБЛАСТИ: ФОРМИРОВАНИЕ И
СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ**

Статья посвящена историческим топонимам Бурабайского района Акмолинской области. В данной статье рассматриваются роль ландшафта территории в формировании топонимии района, этнотопонимы, связанные с древней историей, традиционными хозяйствами и культурой казахского народа, названия населенных пунктов, возникших в результате переселенческой политики в дореволюционный и советский периоды, а также вопросы восстановления искаженных географических названий. Целью исследования является восстановление названий населенных пунктов, устаревших с идеологической точки зрения на основе научных данных. Проведенные топонимические исследования дали обширный материал о трансформации топонимов региона в результате расселения различных этнических групп на территории района. В результате исследования была выявлена необходимость восстановления исторических топонимов района. Это определяет актуальность темы. В ходе подготовки статьи были использованы архивные данные, а также материалы полевых этнографических экспедиций, проведенных автором на исследуемой территории. В статье представлены исторические названия некоторых населенных пунктов Бурабайского района. Представленные сведения основаны на архивных документах и картографических материалах.

Ключевые слова: *топонимика, исторические названия, идеологические топонимы, ойконимы, Акмолинская область, Бурабайский район.*

Bekzatkyzy I.

National Heritage Research Institute of the
National Museum of the Republic of Kazakhstan
Nur-Sultan, Kazakhstan
e-mail: irinabekzatqyzy@gmail.com

**TOPONYMY OF BURABAY DISTRICT
OF AKMOLA REGION: FORMATION
AND CURRENT STATE**

The article is devoted to the historical toponyms of the Burabay district of Akmola region. This article examines the role of the landscape of the territory in the formation of the toponymy of the district, ethnotoponyms associated with ancient history, traditional farms and culture of the Kazakh people, the names of settlements that arose as a result of the resettlement policy in the pre-revolutionary and Soviet periods, as well as issues of restoration of distorted geographical names. The aim of the study is to restore the names of settlements outdated from an ideological point of view on the basis of scientific data. The conducted toponymic studies have provided extensive material on the transformation of the toponyms of the region as a result of the settlement of various ethnic groups in the district. As a result of the study, the need to restore the historical toponyms of the district was revealed. This determines the relevance of the topic. During the preparation of the article, archival data were used, as well as materials of field ethnographic expeditions conducted by the author in the study area. The article presents the historical names of some settlements of the Burabay district. The information presented is based on archival documents and cartographic materials.

Keywords: *toponymy, historical names, ideological toponyms, oikonims, Akmola region, Burabay district.*